

«СаҚуРа КӨКТЕМ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 31 тамыз 2022 жыл

Түрі: дәстүрлі (тұрақтандыру)

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»

Мақсаты: Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру

Төрайымы: М.Т.Миразимова

Қатысқандар саны– 4

1. Наурузова Ардак Толегеновна
2. Каракенова Мадина Талиповна
3. Сандыбаева Гулайым Алмешовна
4. Ташмаганбетов Аян Аманкелдиевич

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту. Төрайымын, хатшысын сайлау.
М.Т.Миразимова
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Әдістемелік нұсқау хат
М.Т.Миразимова
3. Балабақшаның 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспарымен таныстыру, талдау.
М.Т.Миразимова
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған оқу жоспарын, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесін, перспективалық жоспар, циклограмма құрылымын, күн тәртібін бекіту. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің негізгі тәсілдері.
М.Т.Миразимова
5. Аттестатталушы педагогтерді нормативтік құжаттармен танысу: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561

М.Т.Миразимова

1. ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгеруші-әдіскері М.Т.Миразимова Балабақша меңгеруші-әдіскері педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы (төрайымы), музыка жетекшісі, педагогтер кіретіндігін, сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айтты.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: меңгеруші-әдіскері М.Т.Миразимова

меңгеруші-әдіскері педагогикалық кеңестің хатшысы болып Наурузова Ардак Толегеновнаны ұсынды, аталған педагог педкеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырады деп сенемін.

Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде Наурузова Ардак Толегеновнаны сайлауды ұйғарды.

Шешім қабылдауға дауыс беруге шақырды:

Дауыс берді;

«оң"-4 дауыс

«қарсы " -0

ШЕШІМІ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамына: балабақшаның меңгерушісі-әдіскер, музыка жетекшісі, тәрбиешілер бекітілсін.

2. Педагогикалық кеңестің хатшысы болып Наурузова Ардак Толегеновна сайлансын.

2 ТЫҢДАЛДЫ: балабақша меңгеруші-әдіскері М.Т.Миразимова

Балабақша меңгеруші-әдіскері 2022-2023 оқу жылында жүргізілетін жұмысының ерекшеліктері туралы айты. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделімен таныстыру жұмысын жүргізді. «Ойын арқылы оқыту» қағидаты негізінде мемлекеттік стандарт өзгертілді. Бала дамуының жаңартылған моделін енгізу басталады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын талдау жұмысын жүргізді. Оқу жоспарымен таныстыру жұмысын жүргізді. Ортаңғы және ересектер топтарында білім беру ойын түрінде және режимдік сәттер барысында жүргізілетіндігін айтып өтті. Мектепке даярлық топтарына арнайы ұйымдастырылған іс-шаралар кестесі болады. Басшы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. Әр бөліміне тоқталып түсіндірме жұмысын жүргізді.

Шешім қабылдауға дауыс беруге шақырды:

Дауыс берді;

«оң"-4 дауыс

«қарсы " -0

ШЕШІМІ: балаларға білім беру процесі ойын арқылы жүргізілсін.

МЕРЗІМІ: жыл бойында

ЖАУАПТЫ: Балабақша педагогтері

3 ТЫҢДАЛДЫ: балабақша меңгеруші-әдіскері М.Т.Миразимова

Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары 5 бөлімнен тұрады.

I Салауатты өмір салтын ұйымдастыру. Жыл бойында өткізілетін жұмыстар белгіленген.

II бөлімде Кадрлармен жұмыс: педагогтердің кәсіби, теориялық, әдістемелік және іскерлік біліктілігін көтеру, біліктілікті арттыру квалификациясы, педагогикалық кеңестер, семинар.

III бөлімде педагогикалық кеңестер, меңгеруші жанындағы отырыс, 2022-2023 оқу жылына "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы бойынша жұмыс жоспары;

IV бөлімде әлеуметпен жұмыс: отбасымен өзара ықпалдастық, топтық ата-аналар жиналысы, кеңестер.

V бөлімде Бақылау, мониторинг,
2022-2023 оқу жылының міндеті:

1. Балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету.

Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған. Оқу жылына 4 педагогикалық кеңес, жылына 2 рет балалардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау индикаторын жүргізу жоспарланды. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша оперативті, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр айға жоспарланды. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарын балабақшаның меңгеруші-әдіскері, медбикесі және музыка жетекшісі бірігіп отырып құрды. Жылдық жоспарға алып қосарымыз болмаса бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

Шемім қабылдауға дауыс беруге шақырды:

Дауыс берді;

«оң"-5 дауыс

«қарсы " -0

ШЕШІМІ:

1. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары бекітілсін. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.

Жауапты: меңгеруші-әдіскер

Мерзімі: жыл бойында

4 ТЫҢДАЛДЫ: меңгеруші-әдіскері

меңгеруші-әдіскері 2022-223 оқу жылына құрылған оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 12 мамыр 2020 № 195 бұйрығына сәйкес құрылып, осының негізінде ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесі жасалғандығын айтты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына өзгертулер еңгізіледі деп күтілуде. Нормативтік құжаттар бекітілгенде кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізіліп талқылау жұмыстары жүргізіледі. Оқу қызметінің жүктемесі мектепке даярлық тобына жасалды деп таныстыр өтті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 12 мамыр 2020 № 195 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша оқу процесін жүргізу жалғастырылады. Тек құрастыру

тәсілі өзгертіледі. Балалардың физикалық қасиеттерді, коммуникативтік дағдыларды, танымдық және зияткерлік дағдыларды, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру мазмұнына жеке-жеке тоқталып өтті. Циклограмма құрылымна арнайы тоқталып мазмұны туралы айтып өтті. Жұмыс барысында «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесі жариялаған үлгісі талқыланды. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына бастапқы мониторинг жүргізудің негізгі тәсілдері өзгертілген жоқ. Жылына 3 рет қыркүйек, қаңтар, мамыр айларында балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында индикатор жүргізілетіндігін айтып өтті.

Шемім қабылдауға дауыс беруге шақырды:

Дауыс берді;

«оң"-5 дауыс

«қарсы " -0

ШЕШІМІ:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған оқу жоспарын, мектепке дайындық тобына, музыка маманына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің жүктемесін, перспективалық жоспар, күн тәртібін бекітілсін. Циклограммадағы жұмыс бір апта бұрын жоспарланып отырылсын. Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет қыркүйек, қаңтар және мамыр айында жүргізілсін.

Жауапты әдіскер және топ тәрбиешілері.

Жауапты топ тәрбиешілері.

Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

5.ТЫҢДАЛДЫ: балабақша меңгеруші-әдіскері

Аттестатталушы педагогтерді нормативтік құжаттармен таныстыру жұмысы жүргізілді. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығының әр тармағына тоқталып талдау жұмысын жүргізіп өтті.

Шемім қабылдауға дауыс беруге шақырды:

Дауыс берді;

«оң"-5 дауыс

«қарсы " -0

Педагогикалық кеңес төрайымы **М.Т.Миразимова**
Хатшы **А.Т. Наурузова**



«СаҚуРа КӨКТЕМ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА № 2

Өткізілген уақыты: 17 қараша 2023 жыл

Түрі: Дөңгелек үстел

Тақырыбы: «Мнемокесте балабақшада»

Мақсаты: Жылдық мақсатты іске асыруда педагогтардың білімі мен біліктілігін анықтау

Төрайымы: М.Т.Миразимова

Қатысқандар саны– 4

1. Наурузова Ардак Толегеновна
2. Каракенова Мадина Талиповна
3. Сандыбаева Гулайым Алмешовна
4. Ташмаганбетов Аян Аманкелдиевич

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен пед кеңес шешімінің орындалуы
М.Т.Миразимова
2. «Мектеп жасына дейінгі баланың тілінің дамуы» Дөңгелек үстел
М.Т.Миразимова
3. Тақырыптық бақылау қорытындысы «Символдар мен белгілер технологиясын оқу қызметтерінде қолдану барысы»
М.Т.Миразимова
4. Көрме: Тірек сызбалар, схемалар, таблицалар
М.Т.Миразимова
5. Мейірімді болса жүрек – орындар тілек.(тәрбиешілерге арналған тренинг)

М.Т.Миразимова

I. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгеруші-әдіскері сөз алып өткен педагогикалық кеңесінің шешімін орындалуы туралы есеп берді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын негізге ала отырып перспективалық жоспар құрылып бекітілді. Барлық топтарда перспективалық жоспар негізінде жұмыс жүргізілуде.

Шемім қабылдауға дауыс беруге шақырды:

Дауыс берді;

«оң»-5 дауыс

«қарсы » -0

Шешті: №2 педагогикалық кеңес отырысының шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.

II. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгеруші-әдіскері сөз алып «МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ТІЛІНІҢ ДАМУЫ» тақырыбында дөңгелек үстел өткізуге шақырды. Сөйлеу барысында тәрбиешілерді диалогқа тартып мысалдар келтіріп тақырып бойынша жұмыс жүргізді. Мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің және тілінің дамуына жағдай туғызу қажет.

1. Баланың тілін жетілдіру деген не;
 2. Баланың тілін дамытуда ең тиімдісі, баланы қызықтыратын нені қолдануға болады?
 3. Қалай ойлайсыздар, неге кейбір балалар өлеңнің мәтінін жаттауға қиналады, бірақ мультфильмдерді жақсы естерінде сақтайды?
 4. Осы балалардың есте сақтау қабілеттерін жақсарту үшін не істеу керек?
 5. Есте сақтау процессін қарапайым және жеңіл ету үшін не істеу керек?
- деген сұраққа жауаптар беріліп түсініктеме жұмыстары жүргізілді.

Әңгімені құрастырғанда суретті баланың өзі салуына болатының, жұмбақ жасырғанда да мнемокестенің маңызы, жұмбақты тыңдай отырып, мнемокестені көре отырып, жұмбақтың шешімін тез табуға машықтандыруға болатыны туралы түсіндіріп практика түрінде көрсетіп өтті. Мнемокестелер арқылы оқыту балалардың тілдерін дамыту, танымдық, есте сақтау қабілеттері артады деп сөзін қорытындылады.

Шешім қабылдауға дауыс беруге шақырды:

Дауыс берді;

«оң"-5 дауыс

«қарсы " -0

ШЕШТІ: мнемотехнология ұйымдастырылған іс-әрекетінде қолданысқа енгізілсін.

Жауапты: топ тәрбиешілері

Мерзімі: жыл бойында

III. ТЫҢДАЛДЫ: Үшінші сұрақ бойынша сөзді балабақша меңгеруші-әдіскері алып қарашаның 08-11 аралығында балабақшада тақырыптық тексеру жүргізілді. Тақырыбы: Символдар мен белгілер технологиясын ұйымдастырылған іс-әрекетінде қолдану барысы

Мақсаты: жылдық міндеттеменің орындалу деңгейін, ұйымдастырылған іс-әрекетінде жұмыстын тиімділігін анықтау.

Тақырыптық тексеру келесі талаптар бойынша жүргізілді:

1. Ортаңғы және ересектер тобында символдар мен белгілер технологиясын колдану деңгейін анықтау;
2. Тәрбиешінің кәсіби шеберлігін талдау;
3. «Баланың тілін дамытуға жағдай жасау» атты бағалау парағы

Тақырыптық бақылау жоспарының әр тармағына тоқталып қорытындысымен таныстырып ұсыныстар берілді.

Шемім қабылдауға дауыс беруге шақырды:

Дауыс берді;

«оң"-5 дауыс

«қарсы " -0

ШЕШТІ:

1. Жылдық міндетті жүзеге асыру бойынша жұмысы күшейтілсін.
2. Балалармен жеке және фронтальді жұмыс жоспарланып жүргізілсін.
3. Ата-аналарға логопед көмегіне сүйенуді ұсыныс ету. Осы салада ата-аналарға кеңес берілсін.

ЖАУАПТЫ: ТОП ТӘРБИЕШІЛЕРІ

Мерзімі: жыл бойында

IV. ТЫҢДАЛДЫ:

менгеруші-әдіскер тәрбиешілермен «Мейірімді болса жүрек – орындалар тілек» атты тренинг өткізді

V. ТЫҢДАЛДЫ: бесінші сұрақ бойынша әдіскер «Тірек сызбалар, схемалар, таблицалар» атты көрмесімен таныстырып өтті.

Педагогикалық кеңес төрайымы
Хатшы

М.Т.Миразимова
А.Т.Наурузова



«СаҚуРа КӨКТЕМ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ОТЫРЫСЫ

ХАТТАМА № 2

Өткізілген уақыты: 11 қаңтар 2023 жыл

Төрайымы: М.Т.Миразимова

Қатысқандар саны – 4

1. Наурузова Ардак Толегеновна
2. Каракенова Мадина Талиповна
3. Сандыбаева Гулайым Алмешовна
4. Ташмаганбетов Аян Аманкелдиевич

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары

1. ТЫҢДАЛДЫ: балабақша меңгеруші-әдіскері М.Т.Миразимова сөз алып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарымен таныстыру жұмысын жүргізді. Бұл Әдістемелік ұсынымдарда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің критерийлері мен индикаторлары, әдістері мен тәсілдері және есептеу әдістемесі берілген. Мониторинг педагогтің балалардың түрлі жас кезеңдерінде Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге жету деңгейлерін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін айқындауға мүмкіндік береді.

Мониторинг жылына 3 рет:

- бастапқы – қыркүйекте;
- аралық – қаңтарда;
- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Әрбір бақылауды жүргізу кезінде бақылау парақтарында берілген орынға бастапқы, аралық немесе қорытынды алынып жатқан бақылау кезеңін жазып қою қажет болады. Бақылау парақтары Excel форматта берілген (2 Қосымша), сонда алдымен оқу жылы, мониторинг алынып отырған топтың атауы, өткізу кезеңі мен мерзімі және балалардың аты жөні туралы мәліметтер толтырылады. Бақылау парақтарында мониторингтің критерийлері (күтілетін нәтижелер) және соған сәйкес 3 индикатор берілген. Мысалы, кіші топ сөйлеуді дамыту бойынша төмендегі кестедегідей толтырылады, бір критерийге берілген 3 индикатордың біреуі (1 санымен) ғана белгіленеді де қалған индикаторларға ешқандай белгі қойылмайды.

«СаҚуРа КӨКТЕМ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА № 3

Өткізілген уақыты: Қаңтар 2023 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Балабақшада балалардың денсаулығын нығайту жолдары»

Мақсаты: балалардың денсаулығын нығайту бойынша педагогикалық қызметке талдау жасау, осы бағыттағы жұмысты жетілдіру жолдарын анықтау.

Төрайымы: М.Т.Миразимова-меңгеруші-әдіскер

Хатшысы: Наурузова Ардак Толегеновна-тәрбиеші

Қатысқандар саны– 4

1. Каракенова Мадина Талиповна-тәрбиеші
2. Сандыбаева Гулайым Алмешовна-тәрбиеші
3. Ташмаганбетов Аян Аманкелдиевич-музыка жетекшісі
4. Каршыбаева Жанар Курмангалиевна-мейірбике

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен пед кеңес шешімінің орындалуы
Балабақша меңгеруші-әдіскері М.Т.Миразимова
2. Балабақшада балалардың қатысуы бойынша салыстырмалы сараптама
Балабақша медбикесі Ж.К.Каршыбаева
3. Баланың даму деңгейінің көрсеткіші
Балабақша меңгеруші-әдіскері М.Т.Миразимова
4. Балабақшада балалардың денсаулығын нығайту жолдары
Балабақша меңгеруші-әдіскері М.Т.Миразимова

№3 педагогикалық кеңесті балабақша меңгеруші-әдіскері ашық деп жариялады. Әдіскер педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып өтті.

І.ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша меңгеруші-әдіскері №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына есеп беріп өтті.

Шеңім қабылдауға дауыс беруге шақырды:

Дауыс берді;

«оң"-5 дауыс

«қарсы " -0

ШЕШІМІ: Өткен педагогикалық кеңес шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.

II. ТЫҢДАЛДЫ Балабақша мейірбикесі балабақшада балалардың қатысуы бойынша сараптаманы әр апта бойынша 1 қаңтар – 30 қаңтар аралығындағыны талдап өтті. Балабақшаға қатысуы тұрақты емес деп айтып өтті Шемім қабылдауға дауыс беруге шақырды:

Дауыс берді;
«оң"-5 дауыс
«қарсы " -0

ШЕШІМІ:

Балаларлардың балабақшаға қатысуы туралы бақылауды күшейту.

Ата-аналармен балабақшаның ішкі тәртібі туралы әңгіме жүргізу

ЖАУАПТЫ: балабақша тәрбиешілері

МЕРЗІМІ: жыл бойында

III. ТЫҢДАЛДЫ: үшінші сұрақ бойынша балабақша меңгеруші-әдіскері сөз алды. Барлық топтарда бала біліміне мониторинг жүргізілді. Мониторинг көрсеткіштерімен таныстырып өтті (материалдары қосымша берілуде) Шемім қабылдауға дауыс беруге шақырды:

Дауыс берді;
«оң"-5 дауыс
«қарсы " -0

ШЕШІМІ мониторинг нәтижесі негізінде балалармен жеке жұмыс жоспарланып жүргізілсін

Жауапты: тәрбиешілер

Мерзімі: 30 мамырға дейін

IV. ТЫҢДАЛДЫ

- МД кезең – бала ағзасының өте қарқынды дамитын кезең екенін білеміз. Яғни осы жас шамасындағы баланың ағзасының барлық жүйке жүйелерімен дене мүшелерінің және жүйкелік-психикалық дамуы қалыптасатын кез. Сондықтан да МДМ-де осы денсаулық сақтау іс-шаралары міндетті түрде кешенді және жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Сонда ғана жаңа өсіп келе жатқан өскелең ағза сыртқы факторлар әсеріне төтеп бере алатын болады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеген күш жұмсалады. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. Мектепке дейінгі білім беру орындарында, педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған.

Қазіргі таңдағы білім беру технологиясының қатарына мыналар кіреді деп әдіскер атап өтті. Денсаулық сақтау технологияларының кешенді жүргізудің басты мақсатымен таныстырды және шынықтырудың негізгі міндеттерін атады. Баламен шынықтыру шараларын ұйымдастыру алдында бірнеше ережелерді сақтау керектігін айтты. Біздің балабақша дене шынықтыру

іс-шараларын өткізуге керекті жабдықтармен жабдықталған. Балалардың белсенді және әртүрлі қимыл-қозғалысқа тұтынушылықтарын қанағаттандыруға барлық топтарда жағдай жасалған, іс-шараларды өткізуге арнайы орын белгіленіп толық жабдықталған

Серуеннің өткізілуін ұйымдастыру ережелеріне арнайы тоқталып өтіп педагогтерге практикалық тапсырмалар берді: Сіздер 3 минут аралығында ертеңгілік жаттығуда **балықтың** қимылыдарын, ал екінші команда **кұмырсқаның** жаттығуларын қолданып ертеңгілік жаттығуын көрсету керексіздер. Тәрбиешілер тапсырманы шығармашылықпен орындап шықты. Шемім қабылдауға дауыс беруге шақырды:

Дауыс берді;

«оң"-5 дауыс

«қарсы " -0

ШЕШІМІ:

1. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған сауықтыру жаттығулары, дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті жүйелі түрде өткізілсін. Кеңестер, көрнекіліктер, бірлескен сауықтыру шаралар және тағы басқа іс-шаралар арқылы ата-аналармен салауатты өмір салтын насихаттау жұмысы жүргізілсін.

ЖАУАПТЫЛАР: мейірбике, тәрбиешілер

МЕРЗІМІ: жыл бойы

Педагогикалық кеңес төрайымы *М.Т.Миразимова* – меңгеруші-әдіскер
Хатшы *А.Т.Наурузова*-тәрбиеші



«СаҚуРа КӨКТЕМ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №4

Өткізілген уақыты: 21 наурыз 2023 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда балаларды байланыстырып сөйлеуіне үйрету»

Мақсаты: Балабақшадағы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай байланыстырып сөйлеуіне баса назар аударып, күнделікті жұмыста тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану.

Ойын түрінде байланыстырып сөйлеуді жетілдіру жұмысы жүргізуде білімдерін тереңдету.

Төрайымы: М.Т.Миразимова-меңгеруші-әдіскер

Хатшысы: Наурузова Ардак Толегеновна-тәрбиеші

Қатысқандар саны– 4

1. Каракенова Мадина Талиповна-тәрбиеші
2. Сандыбаева Гулайым Алмешовна-тәрбиеші
3. Ташмаганбетов Аян Аманкелдиевич-музыка жетекшісі

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №3 педкеңестің шешімінің орындалуы М.Т.Миразимова
2. Тренинг «Бәрі сенің қолыңда» М.Т.Миразимова-меңгеруші-әдіскер
3. Баяндама: «Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық технологияларды қолдану» М.Т.Миразимова-меңгеруші-әдіскер
4. «Балалардың тілдерін байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмысының жүргізу деңгейі » (тақырыптық бақылау нәтижесі) М.Т.Миразимова
5. Іскерлік ойын «Суреттер топтамасы бойынша әңгіме құрастыру»
6. «Педагогикалық вернисаж» - дидактикалық ойындар жиынтығы және әдістемелік көрмесі. М.Т.Миразимова

I. ТЫҢДАЛДЫ.

Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгеруші-әдіскері өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы есеп берді.

Шеһім қабылдауға дауыс беруге шақырды:

Дауыс берді;

«оң"-4 дауыс

«қарсы " -0

ШЕШІМІ: Өткен педагогикалық кеңес шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.

II. ТЫҢДАЛДЫ.

Балабақша меңгеруші-әдіскері сөз алып «Бәрі сенің қолыңда» атты тренинг өткізді. Тренинг барысында әдіскер барлық педагогтар жұмыс сапасын жақсарту, өз білімдерін жетілдіріп тиімді пайдалану өз қолдарында екендігін атап өтті.

III. ТЫҢДАЛДЫ Үшінші сұрақ бойынша балабақша меңгеруші-әдіскері «Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық технологияларды қолдану» тақырыбы бойынша баяндама жасады. Педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті деді. Әр педагогикалық технологияларына жеке тоқталып өтті. Топтағы даму бұрыштарының маңыздылығын атап өтті.

Дауыс берді;

«оң"-4 дауыс

«қарсы " -0

ШЕШІМІ::

Балалардың білімін жетілдіру мақсатымен инновациялық технологиялар кең көлемінде қолданылсын

МЕРЗІМІ; жыл бойы

ЖАУАПТЫ: балабақша педагогтері

IV. ТЫҢДАЛДЫ

Төртінші сұрақ бойынша сөзді балабақша меңгеруші-әдіскері алып тақырыптық бақылау нәтижесімен таныстырып өтті. Таныстыру барысында әр тармақ бойынша тоқталып арнайы топтардағы кітап бұрышына тоқталып өтті. Тәрбиешілер ойын арқылы осы салада өз білімдерін анықтады.

Бағдарламаларды зерделеп жылдық міндетті орындауда болашақта атқарылатын жұмыс мазмұның анықтады.

Шешім қабылдауға дауыс беруге шақырды:

Дауыс берді;

«оң"-4 дауыс

«қарсы " -0

ШЕШІМІ:

Жылдық міндетті жүзеге асыру жұмысы күшейтілсін. Кітап бұрыштары бағдарлама мазмұнына сай толықтырылсын.

V. ТЫҢДАЛДЫ

Балабақша меңгеруші-әдіскері педагогтармен «Іскерлік ойын» жүргізді. Ойын барысында барлық педагогтар сурет топтамасымен жұмыс жүргізу әдістемесін қайталап өтті және өздері жиі жасайтын қателіктерін анықтады. ТРИЗ

технологиясын пайдаланып ертегі құрастыру жұмысы жүргізілді. Әдіскер тәрбиешілердің тіліннің тазалығын анықтау мақсатымен ойын жүргізді.

Жаңылтпаштар тәрбиешілерге ұсынылды. Осы жұмыстың маңыздылығы туралы айтып өтті. Іскерлік ойын соңында балабақша педагогтері ойын арқылы әкімшілікке және өздеріне арналған «қоржындарын» толтырды. Тәрбиешілерге

арналған көрме ұйымдастырылды. Көрмеге қатысты сұрақтарға жауаптар берілді.

Балабақша меңгеруші-әдіскері педагогтармен «Сен кімсің» атты тест жүргізді.

Дауыс берді;

«оң"-4 дауыс

«қарсы " -0

ШЕШІМІ: -балалардың тілін дамыту жұмысын жүргізуге барлық жағдай жасалсын.

- тіл дамытуға арналған дидактикалық ойындармен барлық топтар толықтырылсын

- әдістемелік бөлме дидактикалық құралдармен толықтырылсын (ұлттық және мерзімге байланысты киінген қуыршақ, жиһаз, ыдыстар)

Педагогикалық кеңес төрайымы
Хатшы



М.Т.Миразимова

А.Т.Наурузова

«СаКуРа КӨКТЕМ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №5

Өткізілген уақыты: 31 мамыр 2023 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: 2022-2023 оқу жылындағы ұйымның тәрбие-білім беру жұмысын қорытындылау

Мақсаты: 2022-20223 оқу жылындағы жылдық жоспар бойынша міндеттердің орындалуын қорытындылау, жаңа оқу жылының және жазғы сауықтыру кезеңіне жұмыс бағытын анықтау

Төрайымы: М.Т.Миразимова-меңгеруші-әдіскер

Хатшысы: Наурузова Ардак Толегеновна-тәрбиеші

Қатысқандар саны– 5

1. Каракенова Мадина Талиповна-тәрбиеші
2. Сандыбаева Гулайым Алмешовна-тәрбиеші
3. Ташмаганбетов Аян Аманкелдиевич-музыка жетекшісі
4. Каршыбаева Жанар Курмангалиевна-мейірбике

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы
М.Т.Миразимова
2. 2022-2023 оқу жылындағы балабақшаның жұмысын талдау
М.Т.Миразимова
3. 022-2023 оқу жылындағы мониторинг қорытындысы туралы есеп
М.Т.Миразимова
4. Жаңа оқу жылына жылдық міндеттерді анықтау
М.Т.Миразимова
5. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарын бекіту.
М.Т.Миразимова

I. ТЫҢДАЛДЫ.

Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгеруші-әдіскері М.Т.Миразимова өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы есеп берді.

Дауыс берді;
«оң"-5 дауыс
«қарсы " -0

ШЕШІМІ: Өткен педагогикалық кеңес шешімі толығымен орындалды деп есептелсін.

II ТЫҢДАЛДЫ

Күн тәртібінде қарастырылған екінші мәселе бойынша балабақша меңгеруші-әдіскері сөйледі. Бағдарламаның барлық бөлімдерінің орындалу қорытындысы нәтижесі бойынша сараптама жасап өтті. Педагогтар балалар күзінеттілігінің даму деңгейінің қорытындысын шығарып, балабақша ұжымының жыл бойғы атқарған жұмыс барысында жеткен жетістіктері аталды. Қорытынды жүргізілген индикатор бойынша балалар білімінің жылдық көрсеткішіне тоқталып өтті. (Материалы қосымша берілуде)

Балабақша 2022-2023 оқу жылы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен жұмыс жасады. Бұл оқыту бағдарламасы мектепке дейінгі балалардың барлық негізгі қызметін қамтиды; оқу жоспары, күн тәртібі. Біздің балаларымыздың даму деңгейін анықтау үшін барлық дағдылар бойынша мониторинг жүргізілді. Бағдарлама балалардың жеке дамуы үшін жыл бойы сахналау, сюжетті-рөлді ойындар, серуен барысында түрлі ойындар ұйымдастырылды. Осы жұмысты жүргізу барысында ата-налармен үлкен жұмыс жүргізілді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР Балабақша меңгеруші-әдіскері сөз алып атаған жұмыстарын ескерсек 2022-2023 оқу жылында алынған міндеттемелер балабақшаның жылдық жоспарында жоспарланған жұмыстар толық орындалды деп есептеуге болады. Білім берудегі әдістемелік, медициналық және педагогикалық қызмет жұмысы қанағаттанарлық. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген оқыту мен тәрбиелеу мазмұнына қойылатын нормалар мен талаптар орындалды. Және де биылғы оқу жылында педагогтардың белсенді жұмыс істегендігі байқалады.

Дауыс берді;
«оң"-5 дауыс
«қарсы " -0

ШЕШІМІ: 2022-2023 оқу жылында жүргізілген жұмыстарының нәтижесі қанағаттанарлықтай деп есептелсін, міндеттемелері орындалды деп есептелсін

III ТЫҢДАЛДЫ: балабақша меңгеруші-әдіскері 2022-2023 оқу жылындағы қорытынды мониторинг қорытындысы туралы есеп берді. Қорытынды мониторинг нәтижелері қосымша берілуде

Шешім қабылдауға дауыс беруге шақырды:

Дауыс берді;
«оң"-5 дауыс
«қарсы " -0

ШЕШІМІ: мониторинг нәтижесі негізінде балалармен жеке жұмыс жоспарланып жүргізілсін

Жауапты: тәрбиешілер

Мерзімі: 01 тамызға дейін

IV. ТЫҢДАЛДЫ

Төртінші сұрақ бойынша балабақша меңгеруші-әдіскері алып педагогтарды жаңа оқу жылына жылдық міндеттерді анықтауға тәрбиешілерге өз ұсыныстарын айттуға шақырды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Тәрбиеші М.Т.Каракенова сөз алып 2022-2023 оқу жылы жылдық міндеттеме бойынша жұмыс жасап көптеген мағлұматтар алып өз тәжірибесін жетілдіргенін айтып өтті, келесі 2023-2024 оқу жылында коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша жұмыс жалғастырылса барлық мамандар өз тәжірибесін осы аталған сала бойынша жетілдіру мүмкіншілігі болар еді деп өз ұсынысын беріп өтті.

Г.А.Сандыбаева сөз алып педагогтың сөзін қолдап қосымша коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша жұмыс жасалса деген ұсыныс берді. Дауыс берді;

«оң"-5 дауыс

«қарсы " -0

V ТЫҢДАЛДЫ

Бесінші сұрақ бойынша сөзді балабақша меңгеруші-әдіскері алып жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарымен таныстырды. Әр бөліміне тоқталып түсіндірме жұмысын жүргізді. Егерде ұсыныстар болмаса жоспарды қабылдауға дауыс беруге шақырды

Дауыс берді;

«оң"-5 дауыс

«қарсы " -0

ШЕШІМІ: Жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспары бекітілсін

ЖАУАПТЫ: балабақша меңгеруші-әдіскері, мейірбике

Мезімі: 31 мамыр

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшы

М.Т.Миразимова

А.Т.Наурузова

